# Педагог

№1(67)
(Қаңтар-Ақпан)
(Январь-Февраль)
2022

*Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца*

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

**Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал**
**Республиканский научно-методический педагогический журнал**


## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


**М. Орманова.** Қара сөздің хас шебері....................3

**А. Жумабаева.** Білім беру: кеше, бүгін, ертең....................6

**Г. Абжетова.** Бастауыш – білімнің іргетасы....................8

**Ж. Байбалакова.** «Өнеге тағылым жолы»
Қазақстанның еңбек ері, «Отан» орденінің иегері, Алтын жұлдызды ардагер ұстаз – Миразова Аягүл Төреқызымен колледжіміздің жас ұстаздарының кездесуі .................... 10

**Ә. Боранқұлова.** Өткеннің өшпес өрнегі.................... 12

**Н. Устинова.** Дифференцированный подход в обучении математике.................... 16

**Г. Оспанова.** Қиял мен шындық бірлігі .................... 21

**А. Торғанбеков.** Қиял мен шындық бірлігі.................... 23

**Г. Есимханова.** «Мәңгілік ел» ескерткіші нені бейнелейді? .................... 25

**Э. Сейдазимова.** Сайын Мұратбеков «Жусан иісі» хикаясы. 2-сабақ .................... 28

**А. Балтабаева.** Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя».................... 31

**П. Айбосинова.** «Қызыл кітаптағы» өсімдіктер әлемі .................... 34

**Х. Ахметова.** Ш . Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесінің идеялық мазмұны.................... 36

**К. Жабаева.** Бердібек Соқпақбаев «Менің атым – Қожа» повесінен үзінді. Алғашқы таныстық .................... 39

**М. Латипова.** Қазақстандағы отбасы күні.................... 42



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 11.04.2022 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: **pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал <<RADO Print>> баспаханасында басылды. Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

# РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:
# РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**Н. Омашев** – *ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.*

**С. Аманжолов** – *педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.*

**Ә. Дүйсебек** – *Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.*

**А. Миразова** – *Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.*

**Р. Кіршібаева** – *Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.*



*Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.*

*Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.*



Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры и
информации РК в г. Астане.
Выдано свидетельство №10712-Ж
от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 17.02.2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»


Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 1949458,
8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**


Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>
г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А


## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

## ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

# Айман Ералықызы АЙТБАЕВА

**Марапаттары:**

1. Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің 75 жылдығына арналған мерекелік медалі (куәлік №410);
2. «Қорқыт ата атындағы Алтын медалі» (06.03.2017. №1080-ЛС бұйрығы);
3. 2020 жылы Қорқыт ата атындағы университеттің «Үздік түлегі» төсбелгісі;
4. ҚКХП ОК Саяси бюросының 2018 жылғы 24 мамырдағы қаулысы «БЛКЖО 100 жыл» медалімен;
5. «Бейбітшілік әлемі» күміс медалі (27.04.2015 ж. куәлік №1296);
6. Қармақшы аудандық білім бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері аудандық білім кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасы;
7. 2018 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы іс-шараларға зор үлес қосқаны үшін облыстық Білім басқармасының Құрмет грамотасы (2018, наурыз);
8. Сыр өңірінің әлеуметтік-рухани дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда облысының әкімінің 2019-2021 ж.ж. Алғыс хаты;
9. ҚР білім беру саласында шығармашыл, тәжірибелі ұстаздық қызметі үшін «Білім беру ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісі. Республикалық «Білім-ғылым kz» басылымы. (Куәлік №С00060. 19 қазан, 2018)



**Айман Ералықызы АЙТБАЕВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының акад.доценті, ф.ғ.к. Қызылорда қаласы.**

# Қарасөздің хас шебері

Ұстаздық – жан жүректің жылулығы. Шығыстың ұлы ғұламасы Сайф Сараи «Біліктінің орны – төр» деген нақылды бекер айтпаса керек-ті. Бүгін кәсіби деңгейі мен даралығы жағынан ғылымның төрінде өзіндік орны бар Айман Ералықызы туралы ой толғам жасамақпын. Қазақы қаймағы бұзылмаған, сүлейлердің мекені Сыр елінің ғалым деп айтуға тұрарлық, ел-жұрты танитын Айман Ералықызы Айтбаева – өзіне ғана тән жарасымды еркелігімен, көркем мінезімен өрде тұрғанды да, төр мен төменде тұрғанды да өзіне жақын еткен жақсылығы менмұндалап тұратын жан. Өзім Айекенді «қазақтың қарасөзінің хас шебері» деп бағалаймын. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз–зейін тілі» деген. Көңілдің кілтін көркем сөзбен жанды жібіте жеткізе білуде оның байыптылығына, парасатына тәнтімін. Қарапайым кездесу мен жүздесудің өзінде оның көмейінен шыққан сөзге

елітіп таң-тамаша қаламын. Сөз саптасынан, төгілдіріп жазар жазбаларынан танымайтын кісі жазушы ма деп ойлауы әбден мүмкін. Ғалым ретінде әдебиеттің қайбір саласынан да айтары бар, өз саласының майталманы. Айман ел білетін, өнерді жанындай сүйген, өнер адамдарын қонақ етіп құрметтеуден жалықпаған, елдің ағасы да жағасы да болған Ералыдай ақсақалдың отбасында1962 жылдың 8-наурызында дүниеге келген. Асыл әженің тәрбиесін көрген. Әлеуметтік желіде жарияланған «Сағынышын саялы баққа айналдырған» жазбасын оқығанда көзімізге еріксіз жас үйірілген еді. Жақсылардың сөзін естіп, тәлімін, тәрбиесін көріп өскен қазақ қызының ойларынан, сөз сөйлеуінен келелі ой иірімдеріне құлақ түруді жастайынан әдет еткендігін байқаймыз. Арман жолында бала жасынан тіл мәйегінің қыр-сырын терең талдап, шәкірттерімнің жүректерінің төрінен орын алсам деген қиялын жүзеге асыру үшін Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, үздік бітірді. Өзінің көшбасшылық қабілетімен ерекше көзге түскен қағілез қызды топ студенттері бірауыздан староста етіп сайлады. Топқа жан жақтан білімге құштар, бір-бірімен жарыса оқитын алғыр да зерек жастар жиналған. Тынымсыз ізденіс пен ғылымға деген қызығушылық К-14 оқу тобына түскен кешегі студенттер ғылым докторлары Әбенова Гүлзада, Алмас Әбсадықов қазіргі әріптесі Болат Боранбай қазақ ғылымында орны бар тұлғалар болып қалыптасты.

2002 жылы айтулы әдебиеттанушы ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнол-Ғабден Бисенғали жетекшілігімен «XX ғасыр басындағы қазақ лирикасы» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

1998 жылдардан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде абыроймен қызмет атқарып келеді. Филолог ғалымның рухани шәкірт – ұстаздары көп. 4 ғылым магистрін дайындады. Қазақ әдебиетінің оқыту әдістемесі негізін қалаушы, түрколог ғалым, ұстазы Әуелбек Қоңыратбаев атындағы үйірмеге ұзақ жылдар жетекшілік жасап келді. «Талаптың мініп тұлпарын...» дегендей шығармашылық деген түпсіз мұхиттың тереңінен сөз маржанын іздеген қаншама талантты жастардың тұсауын кесті. «Ғылым. Білім және инновация» жастардың ғылыми шығармашылығына арналған «Көкжиек» баспасынан магистранттар мен студенттердің ғылыми мақалаларын жинақ түрінде шығарып отырды.

Өмірде материалды байлықтан рухани құндылықты жоғары қоя білетін Айман досым – жетістіктерге жеткен жандарға ақ тілектерін арнаудан өз уақытын аямаған, ал қиналған жандардың қайғысын жеңілдетуде қасынан табылатын керемет жан. Өмірдегі әділетсіздіктерге қарсы тұра білді, керекті жерінде төбеңнен жай оты түскендей айта да білді. Оның өр рухы ешкімді басындырмайды, өзі де асып кетіп жатпайды. Мұғалім ретінде «Ұстаздарды ұлықтаудың», ұстаздарының адами болмысын ашудағы танымына, талғамына, шынайылығына ешкім шек келтіре алмас! Өмірдегі негізгі ұстанымың не? деген сауалға үнемі: «Бұл өмірге

адам болып келдім, адам боп қалу мұратым», – деп марқаяды. «Мен білімді, батыл жүректі, кең пейілді ұстаздарыммен, достарыммен, шәкірттеріммен мақтанамын. «Қазақтың дархан даласымен, даласындай кең пейілімен мақтанамын», – дейді құрметті досым. Достарым мен шәкірттерім – қоғамымыздағы әр саланың мықты мамандары. Ең бастысы Адам деген атқа лайық өмір сүруде. Қазақ руханиятына қызмет жасау тағдыры бұйырған шәкірттерім – Оралова Гүлзира, Бекмағамбетова Гүлмира, Сапартаева Ләззат, Мекеева Ләззат, Ортаева Ләззат, Бердіқожа Назгүл, Маханбетова Айдана, Дауылбай Мақсат, Жүзеев Серікхан, Шернияз Олжас, Исабекова Шолпан, Абылқасым Бақберген, Пірімова Әсем, Серікбаева Элмира, Абдураева Шолпан, Көзеубаев Қанаттар – бүгінде Сыр жұртының бетке ұстар Азаматтары. Шәкірттерім – менің өмірдегі жинаған қазына - байлықтарым, – деп ойға шомады. Жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелері арасындағы сабақтастықты үздіксіз дамытып келеді. Республикалық «Дарын» орталығының мектеп оқушыларына арналған ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасап, әдебиет саласы бойынша облыстағы іргелі Қармақшы ауданы оқушыларының 1 Алтын, бір қола, бір күміс медальдің иегерлері атанулары да ғалымның ұшан-теңіз ізденісінің жемісі.

Айман Ералықызы халықаралық және республикалық басылымдарда 140-тан аса ғылыми мақалалар жариялап, 1 авторлық монография жазды. Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен жарияланған «Сыр сүлейлері шығармаларындағы ақындық дәстүр» және «Жоғары оқу орнында қазақ әдебиетін «Мәңгілік ел» идеясы арқылы оқыту» (қазақ тарихи романдары негізінде) тақырыбындағы оқу құралдарына сұраныстар жоғары.

Ғалым бүгінде әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері бойынша қазақ прозасындағы тарихи романдардағы ұлттық қаһарман бейнесі, Мәңгілік ел идеясы, қазақ прозасындағы антропология, қазіргі қазақ драматургиясының жаңалықтары жайлы зерттеу жұмыстарын қарастыруда.

Еткен еңбек қашанда елеусіз қалмасы анық. Сыр өңірінің әлеуметтік-рухани дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда облысының әкімінің 2019-2020-2021 жылдары Алғыс хатымен, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің 75 жылдығына арналған мерекелік медалімен, «Қорқыт ата атындағы Алтын медалімен», 2020 жылы Қорқыт ата атындағы университеттің Үздік түлегі төсбелгісімен марапатталды.

Айман Ералықызы – руханилығы мен адамгершілігі мол, құзырлы маман. Мұқандай азаматтың адал жары, ана, әже. Оның өмірі жастарға білім мен тәрбие беру мәселесімен тікелей байланысты. Қасиетті Сыр топырағында дүние есігін ашқан, білімі мен білігі, тәлімі мен тағылымы толысқан Айман Ералықызын мерейлі мерекесімен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс, айналасына амандық тілеймін.

Асқаралы алпысың құтты болсын, сөз әлемінің зергері!

**Мария Айтбайқызы ОРМАНОВА,**
**«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы**
**Қызылорда облысы бойынша**
**педагогикалық қызметкерлердің**
**біліктілігін арттыру институтының**
**аға оқытушысы, ф.ғ.м., халықаралық**
**тренер.**
**Қызылорда қаласы.**

# Білім беру: кеше, бүгін, ертең



**Айгерим Кайратовна ЖУМАБАЕВА,**
**Бородулиха ауданының білім бөлімі ММ «Жезкент орта мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.**
**Шығыс Қазақстан облысы.**

Бүгінгі техникалық прогресс заманында ақпараттар легі толастар емес. Бұл көбінесе психикалық тұрғыдан әлі қалыптаса қоймаған мектеп жасындағы балалар үшін қауіпті. Қауіпті болатын себебі оқушылардың интернет арқылы қабылдап отырған ақпаратты сұрыптай алмауында. Түрлі әлеуметтік желілер: «Вконтакте», «Мой Мир», «Facebook», «LinkedIn», «Одноклассники», «TikTok», «Инстаграмм» жасөспірімдер арасында «трендте». Смартфон ұстаған әрбір бала осы желілердің бірінде тіркеуде.

Дүние жүзіне қатер төндірген пандемия оқушыларды компьютер мен смартфонның құлына айналдырып отыр. Онлайн сабақтардың нәтижесінде оқушылар ғаламторға таңылды. Балалар үйге берілген тапсырманың өзін ғаламтор арқылы жасайтыны анық. Ғалымдардың соңғы зерттеулері бойынша, әлемде жасөспірімдерге қатысты жасалған қылмыстардың көбі осы әлеуметтік желілер арқылы жасалған екен. Ғаламтордағы «зиянды» желілер баланы өзіне қастандық жасауға, яғни қол жұмсауға, наша қолдануға итермелеуі әбден мүмкін. Ғаламторда мультфильмнің, кинонның, ойынның сан алуан түрлері (жақсысы да, жаманы да) бар болғандықтан, ол оқушыны «судағы құйындай» тұңғиыққа тартып барады. Осының салдарынан қазіргі жасөспірім оқушыда енжарлық пайда болып отыр. Үйге берілген сабақты жасау, үй іші тіршілігіне көмектесу, қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысу сияқты нәрселерді мүлде орындағысы келмейді.

Білім беру қазіргі уақытта интернетпен тікелей байланысты. Өздігінен білім алатындардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Жалпы, білім беру жүйесі жылдан-жылға өсіп келеді. Қазіргі интернет дамыған заманда, жастар заманауи тұрғыда білім алуды таңдайтыны рас. Жастардың тілімен айтқанда, лайфхак деген бір керемет дүние пайда болды. Білім беруде де пайдаланылатын көптеген лайфхактар жоқ емес.

Мысалы: сыныпты дайындау, жақсы атмосфера қалыптастыру, оқушыларды ерекше көңіл-күймен қарсы алу, сабақты қызықты, неше түрлі форматта өткізу, бағалау сынды кезеңдерді түрлі етіп көрсетіп, өткізуге болады. Бірақ, әрине білім беруде жасалып жатқан көптеген тәуекелдік те, жеткізбейтін білімнің шегі де бар. Соған тоқтала кетсек, негізінде білім беру жүйесінде бізге өзгеріс, тәуекелдік қажет.

Неге? Себебі: Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі дамыған, жан-жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүниетанымы биік, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Әлем елдеріндегі білім беру жүйесін алып қарайтын болсақ, олардың құрылымы түрліше. Әлем елдерінің білім беру жүйесі ерекшеліктеріне қарай даму үстінде. Себебі кез келген елдің бәсекелестік мүмкіншіліктері

көбіне білім беру жүйесінің жай-күйімен анықталатын мемлекеттің әлеуметтік капиталының дамуына тәуелді. Әлем елдерінің білім жүйесін бір-бірлерімен салыстырар болсақ, олардың білім жүйесі әр түрлі деңгейде дамуда. Біздің еліміздің білім беру жүйесі де тәуекел етіп келуде. Меніңше, білім сапалы болса, кез келген қиындықты жеңуге болады.

Бүгінгі таңда, артта қалған жүйемен салыстырып қарасақ, білім жүйесі толығымен өзгерген. Тіпті 12 жылдық білім беру мен 3 тілділіктің өзі біз үшін ең үлкен өзгерістердің бірі. Ақпараттық заманның ағыны білім берудің жаңа жүйесін алып келді. Ол – қашықтықтан оқыту немесе онлайн білім беру. Бұл оқушы мен ұстаздың сыныпта емес виртуалды әлемде жолығуы. Жай ғана жолығып қана қоймай, білім беру заңдылықтарын сақтай отырып ақпарат алмасуы.

Онлайн білім алу, сіз үшін қаншалықты жақсы? Біз онлайн білім алуға толығымен көшіп, өте үлкен тәуекелге бардық. Себебі, әр адамның ой өрісі әр түрлі. Демек әр бала, әр оқушы өзінше қабылдайды.

Мысалы:

Біріншіден: Қашықтықтан оқыту – білім алушының ақшасын үнемдейді. Әлеуметтік жүйе тең құқықтылығында.

Екіншіден: Онлайн білім беру барысында мұғалім оқушыға қажет барлық кітаптар мен материалдардың электронды нұсқасын береді. Бұл дегеніміз, оқушы пәнді игеру барысында қосымша ақпарат іздеп кітапханалар мен кітап дүкендерін аралап уақыт жоғалтпайды.

Бірақ та, онлайн білім алудың кері жақтары да бар. Психологтардың пікірінше, қашықтықтан білім алушының оқуға деген ынтасы болмаған жағдайда ондай оқушыға ұстаз көп көмек көрсете алмайды. Жалпы, қашықтықтан білім алушы өзін темірдей тәртіпке үйретіп, берілген материалдарды толығымен игеруге тырысуы қажет.

Негізінде оқушы мұғалімнің айтқанын түсінбесе, тыңдамаса уақыттың бос кеткені. Ал сондай жағдайлар болмас үшін, мұғалім құлықпен білім шегінен шықпай, баланың тілін ала білуі қажет. Неше түрлі лайфхактарды қолданған абзал.

*Мысалы:* баланы сол қалпында жақсы көру. Тентек пен тілалғышты, ұғымтал мен ойлау қабілеті төмен, ұқыпты мен жалқау оқушыларды бөліп жармай, барлығын да бірдей жақсы көру керек. Балаларға деген мейірімділік пен сүйіспеншілік бар жерде қатыгездік болмайды, намысына тиетін сөздер айтылмайды, олардың әрбір жетістіктеріне қуанып отыру;

Екіншіден, оларды түсіне білу, яғни солардың көзқарастарымен санасу, оларды ересектерше қабылдау, қамқорлық танытқанына қуану, ақылдасып отыру. Олардың танытқан қамқорлықтары мен әрбір ісіне кешіріммен емес, үлкен құрметпен қарау керек. Балаларды түсіну дегеніміз – оларды билігіне бағындыру емес, керісінше олардың бүгінгі өміріне сүйене отырып, болашақ өміріне алғашқы дәндерін себу. Бала жүрегінің тебіренісі мен жан дүниесінің қозғалысын түсіне білген педагог оқушысының тәрбиесімен терендей айналыса алады.

Үшіншіден, оптимист болу, тәрбиенің оң әсер беретіндігіне сену қажет. Баланың ішкі жан дүниесіне терендей ену, осыған байланысты тәрбие берудің, оқытудың, дамытудың түрлі жолдарын қарастыру қажет.

Төртіншіден, мұғалімнің бойынан адамға тән жақсы қасиеттердің барлығы – күлімсіреу, қаталдық, ұстамдылық, салмақтылық, сезімталдық, шынайылық, зияткерлік, тіл табысушылық, өмірге деген махаббат болуы керек.

Лайфхақтың бірі, оқушыға жаңа форматты сабақты үйретіп, жүргізу. Жаңа технологияларды пайдаланып қызықтыру. Оқушы өздігінен өткізіліп жатқан сабаққа қызығып, түсініп алуға құлшыныс білдіру қажет.

Ұстаздың осындай талпынуы аса ма-

ңызды. Адамгершілік қасиеттері бар ұстаз балаларды білімге үйрете отырып, сонымен қоса, оларға өзінің мінез-құлқы арқылы ықпал етіп, балалардың көз алдында адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі болып көрінеді. Бала үшін мұғалімсіз білім жоқ, тек ұстазына деген махаббаты арқылы ғана бала білімнің қызықты әлеміне аяқ басады, қоғамның моральды құндылықтарын игереді. Кіші жастағы оқушылар үшін ең беделді адам – ұстазы.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - демекші ұстаз қоғамдық тәрбиешісі. Ұстазы қандай болса, халқы да сондай болады. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген бар емес пе? Сондықтан болашақ ұстаздар, оқушыға тек білім ғана беріп қоймай, тәрбиемен де сусындатып, саналы ұрпақ тәрбиелейік.

# Бастауыш – білімнің іргетасы



**Гүлзат АБЖЕТОВА,**
**Алшын Меңдалыұлы атындағы ЖББМ КММ бастауыш сынып мұғалімі.**
**Маңғыстау ауданы, Маңғыстау облысы.**

*«Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз».*

*Әбу Насыр әл-Фараби*

Ұлы данышпан атап көрсеткендей, оқушы жүрегінен жол табам деген ұстаз өз жолын дұрыс таңдауы керек деп ойлаймын.

Иә, бүгінгі таңда білім беру әдістері, оның оқытуға әсері қайта қаралуда. Менің түсінгенім бойынша, енді біз бәрін жаттап айтып беріп, «5» деген баға үшін оқитын жаттанды білім иесін емес, өз білімін өмірде қолдана алатын шәкірт дайындауға жауаптымыз. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі білім саласы дамыған елдер қатарында тереземіз тең тұруы үшін, білім беру әдістерін қайта қарастырып, өзгерістер енгізудің қадамдары жүзеге асырылуда. Қазақстанда білім беру әдістері қайта қаралып, тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндіктер жасалып жатыр. Біздің білім жүйеміз бұған дейін «өмір бойы азық боларлықтай білім беру» идеясын көздесе, енді «өмір бойы өздігімен үйрену» ұстанымына ауысты. Бүгінгі күннің білім беру жүйесіндегі ең негізгісі – үйрену мен үйретудің өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асуы. Оқушыны терең және жүйелі ойлауға, ақпаратты өздігімен түсініп, керектісін таңдап алуға, жаңа түсінікті өздігінен құрастыруға, басқалармен тиімді қарым-қатынас құруға жетелеу – қайта қаралған әдістің нәтижесі деп білемін.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі», - дейді Я.А. Коменский. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Орта білім берудің алғашқы сатысы – бастауыш білім беру. Білім негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басын қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Осыған орай жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруда бастауыш сыныпқа ерекше көңіл бөлген жөн. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімдеріне аянбай тер төгуге тура

келеді. Қазіргі заман көшіне ілесе алатын тұлға қалыптастыру үшін мұғалім ең алдымен креативті ойлай білуі қажет. Күнделікті оқыту үдерісін жоспарлау және оны жүргізу жан-жақтылықты талап етеді.

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің оқу сауаттылығын қалыптастырып қана, олардың сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыруға болатындығын өз іс-тәжірибемнен байқадым. Себебі, әріп танып, жазуды үйренбеген бала өз ойын ауызша жеткізгенімен, жазба жұмысын орындауда үлкен кедергіге тап болады. Осының нәтижесінде балада алаңдаушылық пайда болып, өз ішкі уәжін жоғалта бастайды. Бұл баршаға таныс деп санаймын.

Бірінші сыныпқа «Әліппе» оқулығының қайта енгізілуі осыған дәлел. Әліппе оқулығы арқылы әріп танып, оқу мен жазуды үйренгеннен кейін ғана сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру жұмыстарын жүргізген тиімді деп ойлаймын. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын қатар алып жүруді қажет етеді. Сабақ мақсатына жету үшін баланың жас ерекшелігін ескере отырып көрнекі құралдарды тиімді қолдану – мұғалімнің шеберлігін көрсетеді. Сабақ барысында оқушыларға өз қолдарымен жасаған жұмыстарын таныстыру, оны жұпта, топта талқылап, бағалату – сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі. Бастауыш сыныпта бала өзі жасаған жұмысын өзгенің жұмысымен салыстыра отырып бағалауды үйренсе, жоғары сыныпқа барғанда өз жұмысына талдау жасауға дағдыланады. Бастауыш сыныпта оқыту үдерісінде саралау тапсырмалары көп көмек береді. Сыныптағы оқушылардың деңгейіне қарай сапалы дайындалған саралау тапсырмалары жақсы нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі.

Бастауыш мектеп – оқушының тұлға болып қалыптасуының бастамасы. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімінің атқарар жұмысы орасан зор. Баланың бойындағы оқуға деген қызығушылықты оятатын да бастауыш сынып мұғалімдері. Сондықтан да олардың міндеті – әрбір оқушының өз ерекшеліктеріне, ынтасына, мүмкіндіктеріне орай білім алуын қамтамасыз ететін оқыту жүйесін жасауға ұмтылу болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімі – ерекше тұлға. Өйткені ол балалар мен үлкендер әлемінің арасындағы көпірше. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі бастауыш сыныпқа ойшыл, зерттеуші, өз ісіне қатып қалған жаттандылықтан аулақ, педагогикалық үйлестіру шебер меңгерген психологиялық-педагогикалық диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Жаңа қоғамдық формациядағы бастауыш сынып мұғалімдерінің алдында тұрған негізгі мәселелер: «Баланы оқытуға қалай үйрету керек?», «Ойлауға қалай үйрету керек?», «Қалай өз өмірінің менеджері болуға үйрету керек?» деген сұраққа жауап табатындай білім нәрін беруге бағытталып отыр.

Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған тақта секілді кіршіксіз. Бастауыш сыныпты оқытудың міндеттерінің бірі – баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамту, олардың қабілеттерін анықтау, дамыту, білімдерін ашу және дұрыс түсінік қалыптастыру. Бастауыш сыныптағы сабақ – бұл ең алдымен, оқушының жеке басының дамуына еркіндік беру ниетінен туындаған сабақ. Дәл осындай сабақ процесінде қарым-қатынастың жоғары мәдениетінің үлгілері түсініліп, әр баланың ақылды еңбегімен қарқынды рухани дамуы мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай сабақта мұғалім оқушының жеке басын дамыту, оның белсенді және ақыл-ой өсуі, білімді терең және мағыналы игеру, оның адамгершілік негіздерін қалыптастыру үшін барлық мүмкіндіктерді шебер қолданады.

Бастауыш сыныптағы мұғалім өзінің

құрастыру тұрғысынан да, оқу материалының мазмұнын, әдістемесі мен технологиясын таңдау кезінде де өзінің шығармашылық және әдістемелеу әзірлемелерін белсенді пайдалану аясында сабақтың классикалық құрылымын меңгергендігін көрсету керек.

Сонымен, бастауыш сынып мұғалімі:

- оқытудың әр түрлі заманауи әдістері мен технологияларын қолданады;

- заманауи сабақты ұйымдастыру принциптерін басшылыққа алады;

сабақта қолайлы микроклиматқа жағдай жасайды;

- сабақта көп деңгейлі оқытуды қолданады;

- өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді;

- оқушылардың өздігінен білім беру проблемаларын іздеу және оларды шешу бойынша ізденістерін ұйымдастырады.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпқа білім беру мазмұны бойынша оқушылардың біліктілік дағдыларын қалыптастыру ұстаздың өз қолында. Қазақстанның одан әрі Мәңгілік ел болып өркендеуі үшін, оқушыларымыздың жан-жақты дамуы үшін оқушылардың сапалы білім меңгеруі – қазіргі заман талабы.

# «Өнеге тағылым жолы»

## Қазақстанның еңбек ері, «Отан» орденінің иегері, Алтын жұлдызды ардагер ұстаз – Миразова Аягүл Төреқызымен колледжіміздің жас ұстаздарының кездесуі

**Жанат Дангыловна БАЙБАЛАКОВА, Алматы политехникалық колледжінің арнайы пән оқытушысы. Алматы қаласы.**



*Ұстаздық мінез – құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді.*

***Әл-Фараби***

- Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар қонақтар мен жас оқытушылар!!! Бүгін бізде Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінде кездесу. Қонағымыз: Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, Алматы қаласының, Жуалы ауданының және Жамбыл облысының Құрметті азаматы, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Семей гуманитарлық университетінің Құрметті профессоры, ұлағатты ұстаз Аягүл Төреқызы Миразованы таныстыруға рұқсат етіңіздер!!!

Алғашқы сөз колледжіміздің басшысы директорымыз Омарбеков Медет Асет-ұлына берілді.

Адамзат тарихы және қоғам өмірі қашан да тұлғаларға әрі бай, әрі оларға қажетсінуі үнемі өсіп отырады. Әдетте жеке басының ерекшеліктері айрықша, ешкімге ұқсамайтын, қайталанбас ықпалды болмыс-мінезі

тұрақты еліне айналасына тұтқа боларлық, қамқор-қайырымға адал адамдарды тұлға деп тану қалыптасқан.




Міне, Аягүл Төреқызы да сондай тұлға деп танылатын, ақыл-парасаты биік, қашанда үлкен мақсаттарды көздейтін, сөзі мен ісі бір жерден табылатын, ары мен жаны таза, бар ғұмырын адамзат мұраттарына, жас ұрпаққа білім мен ата-аналарға қуаныш сыйлауға арналған жан. Аягүл Төреқызының бойынан елі қазақ әйеліне тән даналық пен тазалық, ұстазға тән парасаттылық, қайраткерлікке тән азаматтық, адамгершілікке тән көркем мінез көреді. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұлдың: «Қазақта ізгілік ауқымы мен жауапкершілігі үлкен «Ел анасы» деген ұғым бар. Осы ұғымға бүгінгі аналарымыздың арасынан лайықты адам іздеуіміз де заңдылық қой. Егер кім лайықты деген сұрақ қояр болсақ, мен бірден «Аягүл Төреқызы лайық» деп жауап берер едім. Ақиқаты сол – Аягүл Төреқызының тұлғасын қай тұрғыдан алсақ та, өзгелерге тәлім болар қырлары айқын көрініс тауып тұратынын ол кісімен бір рет кездескен жанның көз жеткізері анық», - («Дөңгелек дүние» газеті, №41 (401), қараша, 2014 ж.) деп жазғаны – әділ баға.

Қазіргі мектепте жүріп жатқан әлемдік білім кеңістігіне бағдарлану, гуманизациялау, ақпараттық цифрландыру, құзыреттіліктер қалыптастыруға бағдарлану, зерттей отырып оқу, креативтілік, әлеуметтендіру, сапалы білім беру, Мәңгілік Ел және Рухани жаңғыру құндылықтарын жастар бойында дарыту, бәсекеге қабілеттілік т.б. күрделі жаңа бағыттарда №159 гимназияның еңбек етуінде Аягүл Төреқызының бастамасының үлесі зор. Мектепте үздіксіз үдемелі дамуға қолайлы педагогикалық, психологиялық, ұйымдастырушылық оң ахуал қалыптасып, ол күнделікті еңбек тәртібіне айналған.

Аягүл Төреқызының мектептегі әрбір мұғалімнің кәсіби білікті, шығармашыл, жаңашыл, оқу-әдістемелік және ғылыми ізденісшіл, педагогикалық этика мен психология сырларын меңгерген болып өсуіне тәлімгерлік ықпалы өлшеусіз. Мына






шығармашылық табыс пен педагог деген үлкен ұғымды сөзді көтеріп жүру үшін білімді, тәрбие, жан жақты болуы керек екенін анық айтып түсіндірді.

Кездесу соңында колледжі басшысы Медет Асетұлы үлкен рахмет айтып, силықтар мен гүл шоқтарын тапсырды. Пандемияға қарсы уақытта қорықпай бізге келіп осындай кездесуге келгеніңізге үлкен алғыс!!! Аягүл Төреқызына шын жүрегімізбен, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, ашық аспан, тілей отырып, Алтын жұлдызды апайымызбен кездесіп көптеген ақпараттар алып, осы уақытқа куә болғанымызға риза болып қайттық!!!

төмендегі мектептің даму жолы, оқушылардың және мұғалімдердің жетістіктері туралы деректер Аягүл Төреқызының мектептегі бас тәлімгер екенін айғақтай түседі, – деп айтқандай біздің жас ұстаздарға қандай ақыл кеңес бере аласыз?

Жас оқытушыларға сұрақтарына жауап беріп, мотивациялық көптеген мысалдар келтіріп әр жас оқытушыға көңіл бөліп,

# Өткеннің өшпес өрнегі

Таулар алыстаған сайын биіктейді дегендей, үлкен жүрек тоқтағалы жыл өтті. Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Қызылқыстақ ауылының тұрғыны болған, ұзақ жыл мектеп директоры, ұстаз болған Сансызбаев Совет Сансызбайұлының жақсы істері, ұлағатты қасиеттері туралы бұдан бұрын да, республикалық, облыстық, аудандық басылым беттеріне жазғанмын. Мейірлі жүзі, ойлы көзі, ыстық ықыласы, жүрегіме мәңгілік жылы бейнесін жазып қалдырған ұстаз – Әкем! Жылдық асыңызға арнап, осы бір естелік – эссені тағы жаздым. Ақ батасын жаудырып, тілеуімді тілеген, еркелігімді көтерген, кішкене басым ауырды десем – жаны ауырған, көрмей қалса, іздеп тұрған асыл Әкем! Көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті аяулы Ақылшым! Ақыл- өсиетін құлағыма құюдан жалықпаған дана Досым! Мен сізді, сіздің маған жасаған жақсылықтарыңызды ұмытпаймын, ұмытуға да хақым жоқ!

Совет Сансызбайұлының тағы бір жақсы қасиеті – кітап жинау еді. Төрінде Абайдан бастап, сәулесі молырақ шашылған, шапағатына шомылу рахаты бар, рухани әлемді рахымдандыра алатын әдебиеттері көп болатын. Сондай кітаптарының арасында, атақты Қазақтың халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, кесек тұлға, кенен дарын Шерхан Мұртазаның сан қырлы шығармашылығы мен қайраткерлік тұлғасы туралы, өске-



лең ұрпаққа кеңінен насихаттайтын мақалалар, очерктер, эсселер көп еді. Неміс халқы – Гетесін, ағылшындар Шекспирін, орыстар Пушкинін, қазақтар Абайды қастерлеп, ұлағатты сөздерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді. Ал, Совет ағатайым болса, Шерхан Мұртазаны ұнатып оқитынын, керемет құрметтейтінін жиі айтатын. «Қара Маржан», «Сталинге хат», «Қызыл Жебе» романдарын, әдебиеттің айбыны мен айдынына айналған шығармаларын оқып шыққанын айтып, оқыңдар деп бізге беруші еді. Шер-аға, Жамбыл облысынан Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланып, №3 Қызыл-қыстақ мектебіне кездесуге келетін болды. Қазақ тілі кабинетіне «Ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен» деген тақырыппен Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығына арнап, жазушының 60 жылдық мерейтойына арнап, стенд жасадық. Осы стендіні Совет ағатайым, тікелей өз қаржысына,




материалы мен шегесіне дейін өзі әкеліп, жасап беріп еді. Атақты жазушы мектепке кездесуге келгенде, осы стендтің жанына естелікке суретке түстік. Мен, мектеп директоры ретінде, жазушыға таныстырып, түсіндіріп тұрмын. Осы стендіні арнайы сіздің құрметіңізге, Совет аға жасатып берді, - десем, Шер-ағаң: «Махамбет Өтемісұлының көзінде екі жанар бар деп естіп едім, бірі – ақындығы, екіншісі – батырлығы, сіздің көзіңізден де екі жанар көріп тұрмын, бірі – Ұлы Ұстаздың жанары,




екіншісі – қамқор Әкенің жанары. Маған бұрылып: «Осындай қамқор Әкең бар, сен бақытты қыз екенсің! - деді. Иә, шын мәнінде Совет ағатайымның арқасында бақытты едім.

Оқушылармен өткізілген әдеби кеште, Ш. Мұртазаның «Қара Маржан» романы туралы Совет Сансызбайұлы көсіле әңгімелеп беруші еді. «Жаңатасқа қайтып келе жатып, Сүңгі көпірінен өтер тұста, Нариманның есіне Ақан қарт түсе кетті. Нәртастың жанып тұрған отына шыжғырылып жүріп, қолында үйретілген арқар асырайтын, түйетауық өсіретін, жылқы бағып, бау-бақша бағбандықпен айналысатын, шаруасын дөңгелентіп отырған, геологтар партиясына тау-тасты, қазба байлықтарды жол көрсетіп, жер-жердің атын айтып беріп тас қашап, бұрғы салғызып көмектесіп жүрген ауыл қариясы туралы әңгімелеп беріп еді.

Оқушылар арасында асық, шілік, жа-



еді. Халқымыздың тәрбиелік мәні зор аталы сөздері өте көп. Совет аға мен Гүлсім апай, тұла бойындағы таңғалдырар тамаша өмір өнегесін, ұжымда бірге еңбек етіп жүрген әріптестеріне, шәкірттеріне жомарттықпен сыйлай білген, ұлағатты ұстаздар ауыл жұртының мәуелі бәйтерегі іспетті. Ұлы Ұстаздар бүкіл болмысымен өзінің өнегелі өмірін, өз балаларына, кейінгі ұрпаққа үлгі еткен келісті тұлғалар. «Ақ қағаздай жан» атанған, аппақ әпкейіміз, Гүлсім мен Совет аға, Забида, Захира, Зауреш, Баян, Назира атты моншақтай қыздар мен Бақытжан және Бауыржан атты ұлдарды тәрбиелеп, тектілік пен қайсарлықтың, өзгелерге үлгі боларлық қасиетін қалыптастырыпты. Екеуі де әдемі, мейірімді көздері мен сұлу кескін-келбетті, жымия қарағандарын, сол кездегідей елестетемін. Ағаның ылғи таптұйнақтай таза болып, жағасы кірлемей, галстук тағып, аппақ жейде, қара костюм, шалбар, немесе қымбат спорттық үлгідегі немесе тоқылған свитер, жемпірлерді мезгілімен киіндіріп отыратын, әрине үйдегі Гүлсім апай да, құдай қосқан қосағы, өте жақсы жан болып шыққаны. Сүтке, май қосып




сырынбақ ойнау, күрес, жастарды ептілікке, шеберлікке, мергендікке, ширақтыққа, табандылыққа тәрбиелейді, - деп осындай жарыстарды көптеп өткізіп, өзі төреші боп отырушы еді. Өсетін елдің, өркен жаятын елдің ұрпағы, Совет аға өсиетінен ғибрат алар, ұлттың рухы биік жастар көбейер. Әсіресе, «Наурыз» мерекесінде ұлттық ойындардың түрлерін көбірек енгізіп, жастардың бос уақыттарын, құры сандалмай, тиімді өткізуіне атсалысып еді. Совет Сансызбайұлының көп армандарының бірі – мектеп мұражайын ашып, «Жомарт-түлек» аллеясын жасау болатын. Мұражайға бөтен емес, бөгде емес, осы мектепте еңбек еткен, кешегі ұстаздар, зейнетке шыққан басшылар, ұрпаққа үлгі болар, Ұлы тұлғалар туралы мол мағлұмат беретін көрмелер, фотошежіре, газет материалдарын, кітаптар қойса, - жетіп жатар еді, деп қоюшы еді. Өзі соған ерінбей, материал іздеп, ғылыми жұмыспен шұғылданған ғалымдай үнемі ізденісте жүруші еді. Парасаттылығы, пайымдылығы, сабырлы, салиқалы, ақылды, данышпан, көрегендігі, бір басында керемет сексен түрлі қасиеті жетіп жатушы



ашыттым деп, томпиған қып-қызыл ыстық бауырсақтары, дастархандарынан үзілмеуші еді. Ағаны, шайын баппен, сүтпен құйып беріп, артық ауыс, бос әңгіме айтпай, мазасын алмай, жұмыс жасауына бар жағдайын жасап отырушы еді. Жарастықтары жарасым тапқан осы отбасында, ер азамат сыйлаудың талай үлгісін көрдім, үйрендім. Гүлсім апай – нағыз қазақ әйеліне тән инабатты, мейірімді, дауыс көтермейтін, әрнәрсеге ризашылық білдіріп, «осы күніме шүкір» деп отыратын. Пейілі кең, жарасымды сөйлеп, ағайын-туыс дегенде, ештеңесін аямайтын, абысын-ажын, келіндері дегенде, тәтті, дәмдісін, сәлем-сауқатын беретін, көрші-қолаңға қашанда есігі ашық, мейірбан, ерінің тапқанын үйде құрап, берекесін кіргізіп отырған, алтын құрсақ ана!



С. Сансызбаев балалары және немерелерімен

Халық ақындарында «Екі жақсы қосылса, санат емей немене» деп тауып айтылған өлең жолдары кездеседі. Сәкең сияқты жайсаң азаматқа тағдыр әуел бастан көтерген шаңырағын түсірмейтін, жаққан отын сөндірмейтін, ұрпағын аздырмайтын адал жар бұйырыпты. Гүлсім апай да – педагог, қазақ әйелінің барша асыл қасиеттерін бойына жинаған, абзал ана, мен үшін ерекше жан, екінші рухани анам! Мыңдаған шәкірт тәрбиелеген, тамаша ұстаз. Ағатайым, маған жұмыста қолдау көрсетсе, апай шапағатын менен аямай, ақыл-кеңесін айтып, аналық қамқорлығын аямады. Осы қасиеттеріне қарап, ағай мен апайды ардақ тұттым. Әңгімелесіп, үйіріп әкететін. Бұрын мектеп бағдарламасында ғана «Интернат наны» деген шағын әңгімесімен, еміс қана аты таныс, Шерхан Мұртазаны осылайша Совет ағаның тереңірек танытуы арқасында, Шер-ағаң туралы қызыға-қызыға таныса бердік. Облыстық, аудандық «Шерхан оқулары» байқауы өткізіліп, Шерхан шығармаларынан үзінді оқудан біздің мектептің оқушылары бас бәйгені бермей келгені де, осының айғағы. Өмірдің шексіз керуенінде тазалық пен бекзаттықтың ғажайып үлгісін көрсеткен көмегі, жасаған жақсылықтарын, республикалық, облыстық баспасөз беттеріне еске алу, сағынышқа толы естеліктерді шамам келгенше жаздым. Уақыт дөңгелегі танымсыз ілгері айналып, өткен күндердің, алыста қалған жылдардың сағым-дүниеге айналғанын іштей мойындамасқа амал жоқ. Сол бір Қызыл-Қыстақ атты ауылдағы өткен, жастық шағымның да оралмастай, мөлдір сағынышқа айналғаны қашан? Бірақ, бәрі де күні кешегідей көз алдымда. Өзім, жүз жасаған әжемнің өсиетін бала кезден санама сіңіріп өссем, жастық шағымда Совет аға мен Гүлсім апайдан көп өнеге алдым. Өздерінің таза ниетімен, жүректерді баураған абзал жандардың бір қасиеті – адалдық еді. Таң атқанда көкжиектен алтын күн көтеріліп, әлемге шұғыласын төкпей ме? Сансызбаевтар әулеті – айналасына жақсылығын шуақ етіп шашатын жарқын жандар. Иә, қалтарысы сан қабат, осы өмірде өз балаларымен бірге, мен үшін де асыл жандар, өз әке-шешемдей қымбат! Біз олардың алдында мәңгі борыштармыз!

Осындай жандармен кездестірген тағдырыма «бақыттымын» деп, асылдарымыздың алдында бас иіп, қағаз бетіне өрнектеніп түсіп жүрген, көркем әңгімелер, бір күні жинақталып, жарқ етіп, кітап болып шығатын шығар...!

**Ә. БОРАНҚҰЛОВА,**
**журналист.**
**Меркі ауданы,**
**Жамбыл облысы.**

# Дифференцированный подход в обучении математике



**Наталья Владимировна УСТИНОВА,**
**учитель математики Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления г. Петропавловск, Северо-Казахстанская область.**

***Аннотация.*** *Актуальность статьи «Дифференцированный подход в обучении математике» обусловлена требованиями Государственного общеобразовательного стандарта образования, отраженными в Приказе Министра образования и науки Республики Казахстан. В содержание статьи включено определение термину «Дифференцированный подход», раскрыта задача реализации данного подхода в условиях обновленного содержания среднего образования.*

*Практическая направленность статьи отражена включением в ее содержание авторского опыта по реализации дифференцированного подхода в старшей школе.*

*Статья может быть полезной учителями общеобразовательных школ, лицеев, гимназий и колледжей всем тем, кто заинтересован в совершенствования практики преподавания и обучения.*

***Ключевые слова:*** *дифференцированный подход, инновационная практика, разноуровневые задания, уровни мыслительных* навыков, Я – концепция.

Современная школа динамично меняет свой облик. Происходящие в стране политические, социально-культурные, духовные и экономические перемены приводят к тому, что общество постепенно начинает признавать индивидуальные проявления личности как значимые. Педагогическая наука и практика переходят от модели унифицированного общественно-ориентированного образования к моделям вариативного и личностно-ориентированного. Разрушается миф об «одинаковости» всех детей. В связи с этим проблема дифференциации обучения находится в центре внимания педагогических коллективов, с ее решением связываются обновление и дальнейшее развитие школы, преодоление устаревших методов обучения и воспитания, развитие индивидуальности детей на началах гуманизации и демократизации.

Использование дифференцированного подхода как педагогической инновации в процессе преподавания и обучения созвучно требованиям Государственного общеобразовательного стандарта образования (ГОСО), определенного Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604. Согласно требованиям ГОСО, «Применение Стандарта направлено на ... **поддержку и развитие инновационной практики в организациях образования** ...» (См. Глава 1. Общие положения, Пункт 3, Подпункт 8) [1].

**Дифференцированный** (от лат. differentia – различие) **подход** – это общий методический принцип обучения, предполагающий использование различных методов и приемов в зависимости от целей обучения, вида формируемых навыков, этапа обучения, осваиваемого материала, возраста учащихся и т.д. [2, с.73]. С педагогической точки зрения, основная задача реализации дифференцированного подхода – раскрыть индивидуальность учащегося,

помочь реализовать потенциал, сформировать инициативность и целеустремленность, обрести уверенность и независимость и все это не только в процессе обучения, но и за пределами класса [3, с. 65].

Проблемой дифференцированного обучения занимались многие педагоги и психологи: И.М. Осмоловская, Л.Н. Занков, Г.К. Селевко, А.М. Абрамов. Так, первые экспериментальные исследования введения дифференцированного обучения были осуществлены Л.Н. Занковым [4], который опытным путем доказал эффективность индивидуального подхода в обучении посредством использования в процессе обучения разноуровневых заданий и разных критериев оценивания результатов обучения учащихся. При этом Г.К. Селевко [5] обосновал эффективность создания на уроках временных и стабильных групп обучающихся для организации работы с ними по разноуровневым программам.

Использование дифференцированного подхода на уроках математики в старших классах является частью моей каждодневной практики. При этом, эффективность реализации данного подхода достигается:

- использованием Шаблона краткосрочного планирования, содержащего раздел «Дифференция», при планировании;

- принятием во внимание критериев оценки результативности обучения Формы наблюдения за уроком, рекомендуемой к использованию Центром педагогического мастерства АОО «Назарбаев интеллектуальные школы»;

- учетом положительных и отрицательных аспектов дифференцированного подхода.

Шаблон краткосрочного планирования содержит раздел «Дифференция», подразумевающий ответы на вопросы: *«Как вы планируете поддержать учащихся?», «Как вы планируете стимулировать способных учащихся?»*. (См. Рис. 1)

| | | |
|---|---|---|
| **Предварительные знания** | *Что учащиеся уже знают или что им нужно знать перед этим* | |
| **Ход урока** | | |
| **Запланированные этапы урока** | **Запланированная деятельность на уроке (действия учителя/действия ученика)** | **Ресурсы** |
| **Начало урока** | | |
| **Середина урока** | | |
| **Конец урока** | | |
| **Дополнительная информация** | | |
| **Дифференциация – каким образом Вы планируете оказать больше поддержки? Какие задачи Вы планируете поставить перед более способными учащимися?** | **Оценивание – как Вы планируете проверить уровень усвоения материала учащимися?** | **Здоровье и соблюдение техники безопасности** |

*Рис. 1. Фрагмент Шаблона Краткосрочного планирования.*

Данные вопросы являют собой ценный ориентир в реализации идей обновленного содержания образования в Республике Казахстан.

Критерии оценки результативности обучения Формы наблюдения за уроком, рекомендуемой к использованию Центром педагогического мастерства АОО «Назарбаев интеллектуальные школы» содержат следующие формулировки:

- «Обучающиеся выполняют **дифференцированные задания**, которые обеспечивают удовлетворение образовательных потребностей всех и каждого из них»;

- «Обучающиеся имеют **различные возможности** практиковаться и применять свои знания и навыки в учебной деятельности»;

- «Обучающиеся эффективно работают и взаимодействуют в хорошо управляемой **парной и групповой работе**, чтобы поддержать обучение друг друга».

Надо заметить, что в современной педагогике дифференциация не получает однозначной оценки, в ней имеются наряду с положительными и некоторые отрицательные аспекты [6, с. 101]. Эти аспекты описаны в таблице 1.

*Таблица 1. Положительные и отрицательные аспекты дифференциации.*

| Положительные аспекты | Отрицательные аспекты |
|---|---|
| Исключаются неоправданные и нецелесообразные для общества уравниловка и усреднение детей. | Деление детей по уровню развития негуманно. |
| У учителя появляется возможность помогать слабому, уделять внимание сильному. | Высвечивается социально-экономическое неравенство. |
| Отсутствие в классе отстающих снимает необходимость в снижении общего уровня преподавания. | Слабые лишаются возможности тянуться за более сильными, получать от них помощь, соревноваться с ними. |
| Появляется возможность работать более эффективно с трудными учащимися, плохо адаптирующимися к общественным нормам. | Перевод в слабые группы воспринимается детьми как унижение их достоинства. |
| Реализуется желание сильных учащихся быстрее и глубже продвигаться в обучении. | Несовершенство диагностики приводит к тому, что в разряд слабых переводятся неординарные дети. |
| Повышается уровень Я – концепции: сильные утверждаются в своих способностях, слабые получают возможность испытывать учебный успех, избавиться от комплекса неполноценности. | Понижается уровень Я – концепции: в элитарных группах возникает иллюзия исключительности, эгоистический комплекс; в слабых группах снижается уровень самооценки, появляется установка на фатальность своей слабости. |
| Повышается уровень мотивации к ученью в сильных группах. | Понижается уровень мотивации к ученью в слабых группах. |
| В группе, где собраны одинаковые дети, ребенку легче учиться. | Перекомплектование разрушает классные коллективы. |

Собственный педагогический опыт показывает, что использование дифференцированного подхода возможно на всех этапах урока: изучении и закреплении нового материала, повторении, формативном оценивании, предоставлении домашнего задания.

В качестве примера приведём описание организации процесса объяснения, закрепления и проверки первичного закрепления нового материала при изучении темы «Свойства степени с целым показателем» из личного педагогического опыта. Одним из видов применяемой дифференциации является дифференциация учебного материала по уровню сложности. Для её осуществления используются элементы технологии управления качеством обучения в общеобразовательной школе «Биоинформатика и синергетика», её автор: кандидат педагогических наук, профессор Вассерман Ф.Я. [7]. Объяснение нового материала проводится по ОСУДам – обобщённое средство учебной деятельности. Для закрепления учебного материала учащиеся выполняют задания по тренажёру с дифференцированными заданиями трёх уровней сложности: НПС – нижний порог сложности, ППС – промежуточный порог сложности, ВПС – верхний порог сложности. (См. Рис. 2)

| Тренажер 2/а. Степень с целым показателем | | | |
|---|---|---|---|
| № | НПС | ППС | ВПС |
| | *Представить в виде дроби:* | *Вычислить:* | *Вычислить:* |
| 1 | $10^{-3}$ | $\left(\frac{3}{4}\right)^{-2}$ | $\frac{2^{-21}}{4^{-5}\cdot 4^{-6}}$ |
| 2 | $2^{-3}$ | $\left(\frac{8}{11}\right)^{-2}$ | $\frac{4^{-2}\cdot 8^{-5}}{2^{-22}}$ |
| 3 | $5^{-1}$ | $3^{-2}+4^{-1}$ | $\frac{3^{-10}\cdot 9^{8}}{(-3)^{2}}$ |
| 4 | $7^{-1}$ | $2^{-3}-2^{-4}$ | $\frac{(-5)^{-3}\cdot 25^{12}}{125^{8}}$ |

*Рис. 2. Тренажёр «Степень с целым показателем».*

Учащиеся синхронно приступают к выполнению заданий уровня НПС, учитель двигается по классу и анализирует степень усвоения учебного материала. Важно увидеть в какой части ОСУДа ученики делают ошибку. Количество заданий, которые нужно выполнить, определяется на усмотрение учителя, исходя из имеющегося времени урока и уровня подготовленности класса. По окончании работы, учащиеся обмениваются тетрадями, учитель без объяснения записывает на доске правильные ответы к каждому заданию, ученики в это время проверяют тетрадь своего соседа, делая пометки карандашом. На доске расположена матрица посадочных мест, в неё вносятся результаты каждого ученика. Если класс вышел на норму 63% выполнения, то учитель может переходить на следующий уровень сложности ППС. Если этого не произошло, учитель приступает ко второму объяснению. Пока класс не выйдет на уровень выполнения 63% заданий данного уровня, учитель не может перейти к следующему уровню сложности. Такой вид дифференциации направлен на то, чтобы каждый ученик испытал учебный успех, не смотря на то, на каком

| Задание: вычисли $0{,}008^3 : (5^3)^{-4}$ | Этапы решения |
|---|---|
| $0{,}008 = \frac{8}{1000} = \frac{4}{500} = \frac{2}{250} = \frac{1}{125} = 5^{-3}$<br>$(5^{-3})^3 = 5^{-3\cdot 3} = 5^{-9}$<br>$(5^3)^{-4} = 5^{3\cdot(-4)} = 5^{-12}$<br>$5^{-9} : 5^{-12} = 5^{-9-(-12)} = 5^3$<br>$5^3 = 125$ | 1. Запиши десятичную дробь 0,008 в виде обыкновенной, сократи её.<br>2. Полученный результат представь в виде степени 5.<br>3. Теперь воспользуйся свойством степени для делимого (возведение степени в степень).<br>4. Аналогично воспользуйся этим же свойством для делителя.<br>5. Ты получил частное двух степеней с одинаковым основанием, воспользуйся этим свойством.<br>6. Проведи итоговые вычисления (возведи 5 в получившуюся степень). |

*Рис. 3. Задание с инструкциями для его выполнения.*

уровне усвоения учебного материала он находится.

Кроме того, применяется дифференциация по характеру помощи учащимся. При проверке первичного закрепления учебного материала используются карточки с различным количеством инструкций для их выполнения, полнота инструкций зависит от общего уровня знаний учащегося и от прогнозируемого учителем уровня знаний, которые ученик успел получить при изучении новой темы. (См. Рис. 3)

Не менее эффективным инструментом дифференциации является дифференциация по степени самостоятельности. В конце изучения раздела «Степень с целым показателем» сильные учащиеся самостоятельно изучают дома тему «Стандартный вид числа», создают по новому материалу смарт-карту, опорный конспект или фреймовую схему, затем на уроке самостоятельно объясняют эту тему одноклассникам. Ценность этого приема – в поддержке и развитии творческого потенциала учащихся, наличие которого является сугубо индивидуальным.

Вышеизложенные примеры авторского опыта формируют высоко осознанное отношение учащихся к изучению математики в старших классах, что в полной мере соответствует цели основного среднего образования, отраженной в ГОСО: *«Формирование общей культуры личности, адаптация личности к жизни в обществе, создание основы для осознанного выбора и освоения профессии, специальности, в том числе с учетом* ***особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей обучающихся»*** [1].

Статья **«Дифференцированный подход как педагогическая инновация в процессе обучения математике»** была посвящена обсуждению вопроса поддержки и развития инновационной практики учителя в рамках обновленного содержания среднего образования. Предложенный в статье теоретический и практический материал по реализации дифференцированного подхода на уроках математики в старших классах предполагает осмысление учителями общеобразовательных школ, лицеев, гимназий и колледжей представленной информации с целью дальнейшего совершенствования практики преподавания и обучения.

**Использованная литература:**

1. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования» (с изменениями и дополнениями от 28.08.2020 г.) [Электронный ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669 (дата обращения: 20.10.2021)

2. Русинова Л.П. Учебное пособие «Педагогический словарь по темам». – Сарапул, 2010. – 143 с.

3. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий. – ИКАР: Москва, 2009. – 448 с.

4. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. – Просвещение: Москва, 1990. – 424 с.

5. Селевко, Г.К., Бройде Б.А., Артамонова Р.Б.. Дифференциация обучения. – Ярославль, 1995. – 54 с.

6. Алексеев С.В. Дифференциация в обучении предметам естественнонаучного цикла. – Ленинград, 1991. – 266 с.

7. Единый образовательный портал города Нур-Султан [Электронный ресурс] URL: http://astana-bilim.kz/news/?pkid=1456985236096748&lang=ru (дата обращения: 20.10.2021)

# Қиял мен шындық бірлігі

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | Қиял әлемі |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.2.5.1 Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.<br>5.4.2.2 Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану |
| **Сабақтың мақсаты** | Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады.<br>Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолданады. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагог әрекеті | Оқушы әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>*10 минут*<br><br>**Сабақтың ортасы**<br><br>*25 минут* | **Оқу тапсырмасы**<br>**Дескриптор:**<br>Бен Хейн шығармашылығы туралы мәтін жазады. (1 балл)<br>Зат есімдерді түрлеріне талдайды. (1 балл)<br><br>**Психологиялық ахуал**<br>«Болашақтағы мамандықтар әлемі» туралы суретпен таныстыру<br><br>Суретші мамандығы үшін қиялдың маңызы қандай?<br><br>**Оқылым. 5-тапсырма**<br>**Дескриптор:**<br>Мәтін мазмұнын түсінеді. (1 балл) | Оқу тапсырмасын оқиды. Зат есімдерді түрлеріне талдайды<br><br>1. Көрсетілген сурет бойынша қиялдағы және шынайы өмірдегі мамандықтар туралы ойларын айтады.<br>2. Сұраққа жауап береді.<br><br>Мәтін мазмұнын түсінеді. Нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. | «Бас Бармақ» әдісі | Оқулық, су-реттер<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. (1 балл)<br>**Жазылым 6-тапсырма.**<br>**Дескриптор:**<br>Мәтінде қарамен жазылған зат есімдерді жазады; (1 балл) | | | Оқулық, тақта суретші туындысы |
| **Сабақтың соңы**<br><br>*5 минут* | Зат есімдерді деректі, дерексіз түрін анықтайды. (1 балл)<br><br>**Жазылым**<br>**«Еркін жазу» әдісі**<br>арқылы суретші салған бейнелеріне байланысты өз ойларыңызды жазыңыздар.<br>**Дескриптор:**<br>Бейнелерге қарап, өз ойларын жазады; (1 балл)<br>Мәнмәтінде зат есімдердің түрлерін қолданады. (1 балл)<br>**Рефлексия.**<br>**«SMS хабарлама» әдісі**<br>**Дескриптор:**<br>1. Бен Хейн шығармашылығының ерекшелігі мынада : ...<br>2. Суретшінің туындысы маған ой салды: ...<br>3. Мәтіндегі дерексіз зат есімдер: ... , ...<br>**Оқу тапсырмасы**<br>10-тапсырма:<br>Қиял мен шындық бірлігін сіз де бейнелей аласыз!<br>QR код арқылы Бен Хейн картиналарына қарай отырып, өз қиялыңызға да қанат бітіріп көріңіз. | Мәтінде қарамен жазылған зат есімдерді тақтаға жазады; Зат есімдерді деректі, дерексіз түрін анықтайды.<br><br>Деректі<br>дерексіз<br><br>Фотосурет туынды картина<br>Қиял шындық құпия, достық ойлар<br><br>**«Еркін жазу» әдісі.**<br>арқылы суретші бейнелеріне байланысты өз ойларыңызды жазады.<br>Мәтінде зат есімдердің түрлерін қолданады.<br><br>Телефон макетіне сұрақтарға жауап жазады. | | |

**Гулжан Сабитовна ОСПАНОВА,**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы.**

# Қиял мен шындық бірлігі

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.Ж3.Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру.<br>5.ӘТН4.2. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты** | Суретке қарап, сипаттамалық мәтін құрастыру арқылы зат есімнің мағыналық түрлерін жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагог әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ басы**<br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>*5 минут* | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін өз туындыларында қиял мен шындықты бірлікте ұстаған суретші Бен Хейннің сурет көрмесіне онлайн саяхат. Бен Хейннің суреттер топтамасынан бейнежазба көрсетіледі | Бейнежазба арқылы бүгінгі сабаққа арқау болған, мәтін мазмұнынан сай автор Бен Хейннің суреттерімен танысады. | Өз әсерлерімен бөліседі. Ауызша кері байланыс беріледі. | https://www.youtube.com/watch?v=cHTRFIK0ThI&t=122s |
| Оқу тапсырмасын пысықтау<br>*Жұптық жұмыс.*<br>*7 минут* | Оқу тапсырмасы (үйге):<br>6-тапсырма. 106-бет. 5-тапсырмадағы мәтінді пайдаланып, Бен Хейнмен сұхбат құрап жаз. Қарамен жазылған зат есімдерді қолданып, деректі, дерексіз екендігін айт. | Оқушылар өз жұптарының тапсырмасын тексеріп, өзара баға береді. | **Дескриптор:**<br>- Мәтін мазмұнына сүйеніп сұхбат мәтінін жазады – 2;<br>- Зат есімдерді мағынасына қарай жіктейді – 1. | Оқулық |
| **Сабақ ортасы**<br>*Жазылым*<br>*20 минут* | 8-тапсырма.<br>Бен Хейн салған төмендегі суретке қарап, сипаттамалық мәтін құрап жаз. Мәтінде зат есімнің мағыналық түрлерін қолдан. (Қарындашты пайдалану) | Берілген сурет желісі бойынша өз түсінігімен сипаттамалық мәтін құрастырады. | **Дескриптор:**<br>- Сурет желісі бойынша мәтін құрастырады – 2;<br>- Зат есімнің мағыналық түрлерін түрлендіріп қолданады – 1;<br>- Мәтінді сауатты жазады – 1. | Оқулық тапсырмасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Көркем жазу. Жазылым дағдыларын, сауаттылықтарын дамыту үшін берілетін қосымша жұмыс түрі. Мұғалім көркем жазу дәптерінің 11-беті бойынша тапсырма береді. | Күнделікті сабақ барысында қолданып жүрген жазу дәптерлерінің келесі жазу үлгісін жалғастырады. | | |
| **Сабақ соңы**<br><br>**Бекіту**<br><br>*7 минут*<br><br>**Бағалау**<br>*4 минут* | Лексикалық тақырып пен грамматикалық тақырып бойынша білімдерін пысықтау үшін білімдерін бекіту тапсырмасы беріледі.<br><br>Сабақ барысында жинаған балдарын санап, бағалау жүргізеді, мұғалім оқушылардың жеткен жетістіктерін айтады. | Plickers парақшалары арқылы экранда берілген тест сұрақтарына жауап береді.<br><br>Оқушылар таныс болған ақпараттарымен бөліседі. | **Дескриптор:**<br>- Тест сұрақтарына жауап береді – 3. | https://www.plickers.com/seteditor/61f8f24e0019d5001155d572 |
| **Үй тапсырмасы**<br>*2 минут* | 10-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерін кірістіріп, шағын әңгіме жаз: *теңіз жағасы, балық аулау, терең ой, ғажайып көрініс, үлкен олжа. Жазған мәтін бойынша Бен Хейн үлгісімен сурет салады.* | | **Дескриптор:**<br>- Сөз тіркестерін қолданып шағын мәтін жазады – 2;<br>- Мәтінді сауатты жазады – 1. | |

**Асан Ержанұлы ТОРҒАНБЕКОВ.**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы.**

# «Мәңгілік ел» ескерткіші нені бейнелейді?

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | **Астана – мәдениет пен өнер ордасы**<br>**Әкім Ысқақ «Күн ұлымын»** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес сабақтың мақсаттары** | 6.3.2.1 – ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (өмірбаян, түйіндеме)<br>6.5.1.5 – етістіктің шақтарының (нақ осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану |
| **Сабақтың мақсаттары** | Етістіктің шақтарының (нақ осы шақ) қызметін біледі, ауызша және жазба жұмыстарда қолдана алады;<br>Ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтайды (өмірбаян, түйіндеме), *сыни пікірін дәлелмен жаза алады.* |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңдері / уақыт** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 1. Сабаққа ынталандыру: Психологиялық жағымды ахуал туғызу үшін **«Өрмекшінің торы»** әдісін пайдаланып, оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айту арқылы жіпті лақтырады.<br><br>2. Күтілетін нәтиже: | Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады,сандар арқылы топқа бөлінеді.<br><br>«Мәңгілік ел» мәтінін тыңдап, шынайы өмірмен байланыстырып сұрақтарға жауап береді.<br>«Мәңгілік ел» ескерткіші туралы тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырып айтады. | Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. | <br>Тоқыма жіп |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа білімді меңгеруге бағытталған оқу тапсырмаларын орындау әрекеттері** | Тапсырма №1<br>«Стикердегі диалог» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын береді.<br>КБ:<br><br>ҚБ:<br>Дескриптор:<br>- стикердегі сұрақты оқиды;<br>- сұраққа жауап береді.<br><br>Тапсырма №2<br>Жеке жұмыс.<br>7-тапсырма,<br>КБ:<br>Дескриптор:<br>- түйіндеме жазады;<br>- ой бөліседі. | Сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасап, сабақтың тақырыбы, мақсатымен танысады.<br><br>Кезекпен тақтаға шығып, стикердегі сұрақтарға жауап береді.<br><br>Мәтінді пайдаланып, өз түйіндемесін жазады. | Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді<br><br>ҚБ | <br><br>6-сынып оқулығы |
| | Тапсырма №3<br>**8-тапсырма**<br>**Жеке жұмыс**<br>Мұғалім өлең туралы барлық ақпаратты оқушыларға айтып, таныстырады. Өзара талқылайды.<br>КБ:<br>Дескриптор:<br>- біліміне сүйенеді.<br>- сәйкестендіреді<br>- өз ойын білдіреді. | Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді, сөйлем құрайды | ҚБ<br><br>ҚБ | Презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Алған білімдерін қолдану, дамыту дағдылары** | Тапсырма №4<br>**12-тапсырма**<br>**Топтық жұмыс**<br>ҚБ:<br>Дескриптор:<br>- мәлімет береді;<br>- ой бөліседі. | Жағдаяттық тапсырманы топқа бөлініп орындайды «Мәңгілік ел» ескерткіші туралы ойларымен бөліседі. | ҚБ<br> | |
| **Жаңа білім мен әрекет тәсілдерін бекіту** | Тапсырма №5<br>«Попс» формуласының үлгісін береді.<br><br>ҚБ:<br>Дескриптор:<br>- тақырып бойынша пікірін бір сөйлеммен айтады;<br>- пікірін дәлелдейді;<br>- пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді, | **Айтылым**<br>«ПОПС» формуласын қолданып, тақырып бойынша өз ойын айтады, пікірін дәлелдейді, өмірмен байланыстырады | Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзі. | «ПОПС» формуласының үлгісі |
| **Рефлексия** | **«Еркін микрофон» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды.<br>*бағаланады* | <br> |

**Гульназира Мырзабековна ЕСИМХАНОВА,**
**«Облыстық математика, физика, информатика саласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Өскемен қаласы,**
**Шығыс Қазақстан облысы.**

# Сайын Мұратбеков «Жусан иісі» хикаясы

**(2-сабақ)**



**Элеонора Шарипулаевна СЕЙДАЗИМОВА,**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ**
**тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы.**

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | «Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...» |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау;<br>6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. |
| **Сабақтың мақсаты** | - Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттайды;<br>- Шығармадағы автор бейнесін анықтайды. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>*5 минут* | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>***Психологиялық ахуал.***<br>Оқу тапсырмасын сұрау<br>1. Ол әжесі екеуі біздің ауылға қырық екінші жылдың жазында көшіп келді. | Сабаққа назарларын аударады | ҚБ 2 балл | Оқулық, слайд |
| | 2. Аян Есікбайға тиісіп мазасын алды.<br>3. Аян әріптерді тез үйрене алмады.<br>4. «Ертеде бір жетім бала болыпты...» – деп ертегісін бастайтын.<br>5. Аянның тобығы тайғыш болды.<br>6. Әжесі қайтыс болды.<br>7. Әжесі қайтыс болған соң Аян жалғыз өзі тұрды.<br>8. Күнде кешкісін атқораның төбесіне жиналып ертегі тыңдайтын.<br>9. Жусанның иісі Аянның әжесінің пальтосынан шығатын.<br>10. Аян балалар үйіне кетті.<br>1-тапсырма. Топтық жұмыс.<br>**Берілген үзіндіден кейіпкерлерді тауып, әрекеттерін ескере отырып, олардың типін анықтаңдар.** | дұрыс<br>бұрыс<br><br>Оқушылар топтық жұмыс жүргізеді. | ҚБ 4 балл | Слайд |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br><br>*15 минут* | 1-тапсырма. Топтық жұмыс.<br>**Берілген үзіндіден кейіпкерлерді тауып, әрекеттерін ескере отырып, олардың типін анықтаңдар.**<br>1-топ. ...Аянды ортаға алып, енді жайғасып отыра бергенімізде, есік ашылып:<br>Үйбай, бетім-ай, бұ дүбірлеген не десем, мыналар екен ғой. Аулақ жүріңдер әрі, өй, өңшең топырлаған немелер! Онысы несі-ай, тап терезенің түбіне кеп үймелегендері! - деп қуып жіберді...<br>2-топ. .... Шашы аппақ қудай, қол-басы тоңған адамша дірілдей қалшылдап, көзі қып-қызыл боп жасаурап отыратын қарт кісі оқытты. Бұл кісі денсаулығының нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім екен. Бізге күн сайын үйінен әкелген қағазды бір-бір парақтан үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады.<br>3-топ. ...екеуміз бір партаға отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті, келе-келе күніне бір-екі әріптен ғана өткенімізге көңілі толмай: - Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен? Шіркін, ағама хат жазар едім, - деп күңкілдейтін.<br>4-топ. ...арбаның артына жабысып ап, оны талай жерге дейін шығарып салды. Арбадан түсіп қап, қара жолдың үстінде сексиіп ұзақ тұрды. Қайта келгенде өте көңілсіз еді. Садық ойнайық деп еді, ол<br>- Менің басым ауырып тұр, -деп үйіне кетті. | Берілген үзіндіден кейіпкерлерді тауып, әрекеттерін ескере отырып, олардың типін анықтайды. | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Дескриптор:<br>1. Шығарма үзінділерінен кейіпкерді табады;<br>
<table>
<tr><td>1. Зат есім</td><td></td></tr>
<tr><td>2. Сын есім</td><td></td></tr>
<tr><td>3. Етістік</td><td></td></tr>
<tr><td>4. Төрт сөзден тұратын сөйлем</td><td></td></tr>
<tr><td>5. Синоним</td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>- шығармадағы автор идеясын ескереді;<br>- автор бейнесін сипаттайды.</td>
<td>«5 Жолдық өлең» әдісі арқылы авторды сипаттап жазады.</td>
<td>ҚБ 4 балл</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>«Бір сөзбен» рефлексиясын қолдану<br>




Оқу тапсырмасы:<br>https://youtu.be/OqdO-Q94X0g<br>Сілтемеден үзіндіні тыңдап, Аянның портретін жазыңыздар</td>
<td>Кері байланыс береді</td>
<td></td>
<td>Слайд</td>
</tr>
</table>

# Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | Махаббат және абырой |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары** | 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу. |
| **Сабақтың мақсаты** | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдап, ашады. |

**Сабақтың барысы:**

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі</th><th>Педагог әрекеті</th><th>Оқушы әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>3 минут<br><br>Оқу тапсырмасын пысықтау<br>7 минут</td><td>1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Психологиялық ахуал:<br>Қайырлы күн, достым,<br>Қайырлы күн болсын!<br>Сәрсенбінің күні<br>Сәттілікке толсын!<br>Бүгін алар бағамыз,<br>Кілең бестік болсын!<br>Оқу тапсырмасын сұрау (үйге): «Ұшқан ұя» повесіне сюжеттік талдау<table><tr><th>Басты оқиғалар</th><th>Іс-әрекет</th><th>Кейіпкер</th></tr><tr><td>1</td><td></td><td></td></tr><tr><td>2</td><td></td><td></td></tr><tr><td>3</td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Сабаққа дайындалады<br><br>Оқушылар үйге берген тапсырманы айтады</td><td>Дескриптор: Басты оқиғаларды айтады – 1 балл.<br>Іс-әрекет пен кейіпкерді табады – 1 балл</td><td>Оқулық, слайд</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>20 минут</td><td>Қызығушылықты ояту мақсатында «Асыл әжем» әні тыңдатылады. Сөзін жазған – Қадыр Мырза-Әлі. Оқушылар әннің мына жолдарына назар аударып, сабақ тақырыбымен байланыстырады.<br>Мен өзіңнен қабылдаппын сүюді,<br>Мен өзіңнен қабылдаппын күюді.<br>Сенің жаның жүрегіме ораулы,<br>Менің жаным жаулығыңа түюлі.<br>Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.<br>Бүгінгі сабақтың терминдерін есімізге түсірейік.</td><td>Өлеңді тыңдап, өз ойларын айтады</td><td>Дескриптор: Өлең жолдарының мәнін ашады – 1 балл.</td><td>https://www.youtube.com/</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><th>ПАФОС</th><th>ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</th></tr>
<tr><td>Құлшыныс, құштарлық, асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт мағынасында қолданылған. Ежелгі грек әдебиетінде Пафосты қаламгердің шығармашылық ойының сын-сипатын айқындауда, туындыларында заман бейнесінің бейнеленуі дәрежесін бағалауда негізгі көрсеткіш ретінде таныды. Пафос арқылы ақын-жазушының қоғамдық-әлеуметтік идеалын анықтау да қалыптасты.</td><td>Кең мағынасында – қоғамдық өмірдің барлық саласындағы әлеуметтік саяси қажеттіліктерді көрсететін елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделері; Тар мағынасында – ұлттың немесе басқа этностың саяси, экономикалық , әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктерінің көрінісі.</td></tr>
</table>
1-тапсырма. Жеке жұмыс<br>«Ұшқан ұя» сөзіне кластер құрыңдар.<br>Жаңа сабақты меңгерту.<br>Шығарманың идеясын ашу
<table>
<tr><th>Шығармадан үзінді</th><th>Автордың айтпақ ойы</th><th>Менің түйінім (мақал, нақыл сөз)</th></tr>
<tr><td>Әкем маған ата-тегіміздің аты -жөнін үйретуші еді.<br>- Кімнің баласысың? - деп сұрайтын ол.<br>- Мен Момыштың ұлымын.<br>- Момыш кімнің баласы?<br>- Момыш – Имаштың баласы.<br>Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген?</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Шығарманың идеясы:<br>Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін, сөйлеген сөзін, басынан өткен түрлі оқиғаларды еске ала отырып, ұлттық құндылықтарымызды: мәдениетімізді дәріптеу, намысымызды қорғау, отбасылық және адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді үлгі ету.<br>2-тапсырма. Топтық жұмыс<br>«Құндылықтар картасы» әдісі арқылы төмендегі тірек сөздермен танысып, автордың ойын анықтап, кестені толтыр.
</td>
<td>Оқушылар кластер құрады<br><br>Шығармадан үзінді оқи отырып, идеясын аша алады.</td>
<td>Дескриптор: «Ұшқан ұя» сөзіне кластер құрады – 1 балл<br><br>Дескриптор: Шығармадан үзінді оқи отырып, идеясын ашады – 2 балл</td>
<td>watch?v=dU0TxktRBm4<br><br>Слайд</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Сабақты бекіту<br>5 минут</td>
<td>
1-топ
<table>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td>Бұл тірек сөздер қандай құндылыққа жатады?</td><td>Автор нені айтқысы келді?</td></tr>
<tr><td>Бата беру. Әке өнегесі</td><td></td><td></td></tr>
</table>
2-топ
<table>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td>Қазіргі өмірмен салыстыр</td><td>Автор нені айтқысы келді?</td></tr>
<tr><td>Бесік жыры. Әже ертегісі</td><td></td><td></td></tr>
</table>
3-топ
<table>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td>Отбасында салт-дәстүрлер сақталған ба?</td><td>Автор нені айтқысы келді?</td></tr>
<tr><td>Салт-дәстүрлер</td><td></td><td></td></tr>
</table>
4-топ
<table>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td>Өз ойыңды айт</td><td>Бауыржан тұлғасымен байланыстыр</td></tr>
<tr><td>Отбасы құндылықтары</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Шығарманың пафосы:<br>Шығарманың пафосы оқиғада қалай өрбиді?<br>Яғни, шығарма атасы мен әжесінің ататегінен басталып тұр.<br>«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі бойынша оқушылар жазбаша тұжырым жасайды:<br>«Шығарма идеясына келсек, ... ».<br>«Ұлттық болмысымыз танылатын тұстары ... ».<br>«... тектілік пен кемеңгерліктің бейнесі іспетті».<br>«Жазушының адамгершілік туралы ойларына тоқталсам, ... ».
</td>
<td>Топтық жұмысты орындайды<br><br>Оқушылар сұраққа жауап береді<br><br>Жазбаша орындайды.</td>
<td>Дескриптор:<br>Тірек сөздермен та нысады<br>- қазіргі өмірмен байланыстыра алады – 1 балл.<br>- тірек сөздер арқылы автордың ойын анықтайды – 1 балл<br><br>Дескриптор:<br>Сөйлемді аяқтайды – 1 балл.<br>Жазбаша тұжырым жасайды – 1 балл</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>*4 минут*<br><br>**Бағалау**<br>*4 минут*<br><br>**Үй тапсырмасы**<br>*2 минут* | **Кері байланыс**<br>**Алшы** – Сабақтан өзіңе пайдалы не алдың?<br>**Тәйке** – Сабақта не қиын болды?<br>**Бүк** – Сабақта нені басқаша өзгертуге болады деп ойлайсың?<br>**Шік** – Бүгінгі сабақтан үйренгенің бойынша алда не істеймін деп ойлайсың?<br>Сабақ барысында жинаған балдарын санап, бағалау жүргізеді, мұғалім оқушылардың жеткен жетістіктерін айтады.<br>***Оқу тапсырмасы:*** «Отан отбасынан басталады »деген тақырыпта повестің көркемдік-идеялық құндылығын бағалап, әдеби эссе жазу. | Оқушылар кері байланыс береді<br><br>Үй тапсырмасын жазып алады | Оқушылар өздерін бағалайды |  |

**Аида Колдыбаевна БАЛТАБАЕВА,**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ тілі**
**мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы.**

# «Қызыл кітаптағы» өсімдіктер әлемі

| | **Қиял мен шындық бірлігі** |
|---|---|
| **Бөлім** | Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру;<br>8.3.2.1 тұрлаулы мүшелердің сөйлем жасаудағы қызметін қолдану; |
| **Сабақтың мақсаты** | Тұтас және аралас мәтіндердегі ақпараттарды салыстырады.<br>Тұрлаулы мүшелердің (бастауыш) сөйлем жасаудағы қызметін қолданады. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ басы** Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру *7минут* | 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>*Бір-бірімізге сәттілік тілейміз.*<br>*Тапсырмаларды орындаймыз.*<br>*Белсенді боламыз.* | Оқушылар бір біріне сәттілік тілейді. | | |
| **Оқу тапсырмасын пысықтау** *7 минут* | Оқу тапсырмасы (үйге):<br>5-тапсырма. 72-бет.<br>5-тапсырмадағы сөздердің анықтамасын тауып, кестені толтыр. | Оқушылар сөздердің анықтамасын тауып, кестені толтырады. | ***Дескриптор:***<br>- сөздердің анықтамасын тауып, кестені толтырады - 2 | Оқулық |
| **Сабақ ортасы** *Жазылым 20 минут* | **«Сиқырлы ұяшықтар»** әдісі арқылы сұрақтарға жауап бер.<br>1. «Қызыл кітап» деген не?<br>2. Өсімдіктерді неліктен «Қызыл кітапқа» енгізеді?<br>3. Өсімдіктердің адам өміріне қандай пайдасы бар?<br>4. Дала жануарларының қандай түрлерін атап бере аласың?<br>5. Өздерің тұратын елді мекенде қандай жануарлар бар? | Сұрақтарға жауап береді. | **Дескриптор:**<br>- Сұрақтарға нақты жауап береді – 1. | Оқулық тапсырмасы |
| | 2-тапсырма. «Салыстыру кестесі»<br>Берілген тұтас және аралас мәтінді кесте бойынша салыстыр.<br><br>3-тапсырма. Көп нүктенің орнына бастауыш болатын сөз таптарынан сөз немесе сөз тіркесін жаз | Мәтіндерді кесте бойынша салыстырады.<br><br>Көп нүктенің орнына бастауыш болатын сөз таптарынан сөз немесе сөз тіркесін қойып, жазады. | ***Дескриптор:***<br>1. Негізгі ақпаратты табады<br>1-мәтін – 1.<br>2-мәтін – 1.<br>2. Бастауышты тауып, сөйлемдегі қызметін анықтайды<br>1-мәтін – 1.<br>2-мәтін – 1.<br><br>***Дескриптор:***<br>1. Сөз таптарын қояды – 1.<br>2. Сөйлемді толықтырады – 2. | Оқулық, жұмыс дәптерлері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ соңы**<br><br>*Бекіту*<br><br>*7 минут*<br><br>**Бағалау**<br>*4 минут* | **«Егер ..., онда не болар еді?»** әдісі.<br>Берілген ситуацияның шешімін тауып, жалғастыр.<br>1. Егер «Қызыл кітап» жоқ болса не болар еді?<br>2. Егер өсімдіктер «Қызыл кітапқа» енбей мүлдем жойылып кетсе не болар еді?<br>3. Егер бастауыш сөйлемнің соңында қолданылса не болар еді? | Берілген ситуацияның шешімін тауып, жалғастырады. | | |
| **Үй тапсырмасы** | 7-тапсырма, 72-бет | | | |

**Перизат Айдаровна АЙБОСИНОВА,**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы.**

# Ш. Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесінің идеялық мазмұны

| **Бөлім** | **Аңызбен өрілген көркем сөз** |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;<br>10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау. |
| **Сабақтың мақсаты** | Көркем шығарма үзінділерін шығармашылық жұмыстарда қолданады;<br>Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетінің ортақ құндылықтарын анықтайды. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ басы.** Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>*2 минут* | 1. Ұйымдастыру.<br>Қайырлы күн, оқушылар, бүгінгі күндеріңе сәттілік тілеймін, жаңа апта жаңа білімге толы болсын! | «Өзіме тілек»<br>Өздеріне тілек тілейді<br>Ықтимал: Өзіме сәттілік тілеймін! Зейініміз ашылсын! | | Оқушылардың өз лексикондары |

<table>
<tr>
<td>Оқу тап-<br>сырмасын<br>пысықтау<br><br>7 минут</td>
<td>Алдыңғы оқуды пысықтап алайық.<br>Топтық жұмыс<br>Тапсырма: Шығарма мазмұнын «Ақыл картасына салу»<br>1- топ: Нұрхан, Шолпан, Сабина, Алтынай – 1-2-оқиға.<br>2-топ: Дастан, Мирас, Әмина, Еркежан – 3-4-оқиға.<br>3-топ: Шырын, Аружан, Ілияс, Данияр – 5-6-оқиға.<br>4-тап: Айжан, Назерке, Ақбота, Алдия – оқиғаның басталуы.</td>
<td>«Ақыл карталарын» қорғайды, шығарманың мазмұнын пысықтайды</td>
<td>Дескриптор:<br>1. Оқиғаларды «Ақыл картасына» салады – 1 б.<br>2. «Ақыл картасын» қорғайды – 1 б.</td>
<td>Оқулық, «Ақыл картасы» ережесі<br><br>Оқулық, презентация</td>
</tr>
<tr>
<td>3 минут</td>
<td>Жаңа сабаққа ой қозғау.<br>«Алғашқы ұстаз» фильмінен үзінді көрсету<br><u>https://youtu.be/UTr58U_Tv2c</u><br>1-тапсырма.Үзіндіні көріп, сұрақтарға жауап береді<br>«Жедел жауап»<br>1. Үзінді қай оқиғаны бейнелейді?<br>2. Ауыл адамдары неге күлді?<br>3. Дүйсен ауыл адамдарының мазағын қалай қабылдады?<br>4. Ауыл адамдары Дүйсеннің ойын ұқпағаны үшін кінәлі ме?</td>
<td>Сұрақтарға нақты жауап береді</td>
<td>Дескриптор:<br>1. Сұрақтарға жауап береді – 1 б.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақ ортасы<br><br>10 минут</td>
<td>2-тапсырма<br>Екі түрлі түсініктеме күнделігі» арқылы берілген үзінділерге өз пікіріңізді жазыңыз<br>
<table>
<tr><th>Шығарма үзінділері</th><th>Менің пікірім</th></tr>
<tr><td>Мен сені өмір бойы жанымнан алыс шығармас едім. Бірақ менің білімім жетпейді. Қайтейін, оқу жолынан сені қалдыра алмаймын. Мен осы жерде тартыс-таласпен балаларды оқыта беремін.</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Берілген үзіндіні талдап, өз пікірдерін жазады</td>
<td>Дескриптор:<br>1. Үзінділерді оқиды<br>Пікір жазады<br>1-пікір – 2 б.<br>2-пікір – 2 б.</td>
<td>«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» презентация</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>«Өйткені сонда мектептің қадірлі төрінде мен емес,сіз де емес, басқалар да емес – Дүйсен ақсақал отыруы керек еді. Мектептің ашылуын сол кісі жариялап және де басқа құрмет сыйын сол кісі көруі керек еді.</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>10 минут</td>
<td>3-тапсырма. Қосымша оқуға берілген Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы мен «Алғашқы ұстаз» шығармасындағы ортақ құндылықтар<br><br>«Құндылықтар картасы»
<table>
<tr><td>Шығарма</td><td>Құндылықтар</td><td>Мысал, дәлел</td></tr>
<tr><td>«Алғашқы ұстаз»</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Ұстаздың оралуы»</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Құндылықтар кестесін толтырады</td>
<td>Дескриптор:<br>1. Шығармадағы ортақ құндылықтарды – 1 б анықтайды<br>2. Мысалмен дәлелдейді – 1 б</td>
<td>Шығарма мәтіндері<br><br>Презентация</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақ соңы<br>Бекіту<br>8 минут<br>Бағалау<br>2 минут<br>Кері байланыс<br>2 минут</td>
<td>Телеграм каналынан «от шашу» тәсілімен сұрақтарға жауап береді<br>Дескриптор бойынша балл санын қосып бағалаймыз<br>Ұстаздан кері байланыс</td>
<td>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Өз ұпай сандарын қосады, өздерін бағалайды</td>
<td>Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді – 1 б.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Үй тапсырмасы</td>
<td>Кейіпкерлерге мінездеме беру</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Хабира Берикболкызы АХМЕТОВА,**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ тілі**
**мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы,**

# Бердібек Соқпақбаев «Менің атым – Қожа» повесінен үзінді. Алғашқы таныстық

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | Адамгершілік – асыл қасиет |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.1.3.1. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу |
| **Сабақтың мақсаты** | Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесу.<br>Топқа бөлу 1-4-ке дейін санау арқылы бөлу.<br>1-топ «Ақылдылар» тобы;<br>2-топ «Тентектер» тобы;<br>3-топ «Алғырлар» тобы;<br>4-топ «Тапқырлар тобы.<br>Оқушыларға «От шашу» әдісімен психологиялық ахуал туғызу. | Санның нөмірі бойынша топтарына барып отырады<br><br>Оқушылар «қол шапалақтап» «отшашу»жасайды | Көшбасшыларға бағалау парағын беру | |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма «Кім шапшаң?» әдісі.**<br>Мына сұрақтарға жылдам жауап береміз.<br>1. Б. Соқпақбаев кім? Ол қандай жазушы?<br>2. Жазушының қандай шығармалары бар?<br>3. Менің атым Қожа фильмі не туралы?<br>4. Тағы қандай балалар жазушыларын білеміз?<br>5. Хикаяттың тақырыбы не туралы?<br>6. Жазушының бұл хикаятты жазудағы көздеген идеясы қандай?<br>**Дескриптор:**<br>Сұрақтарға нақты жауап береді.<br>Әр сұраққа 1 балл.<br><br>**«Бұл кім?» әдісімен берілген сөздер арқылы кейіпкерді анықтау.** | Сұрақтарға шапшаң, тез жауап береді<br><br>1. Жазушы.<br>2. Балалар әдебиетінің жазушысы.<br>3. «Бұлақ» өлеңдер жинағы.<br>«Он алты жасар чемпион»,<br>«Балалық шаққа саяхат», «Бақыт жолы», «Алыстағы ауылда», «Дала жұлдызы», «аяжан», «Гауһар» атты хикаяттарын жазды.<br>Романы «Өлгендер қайтып келмейді» (Мұзафар Әлімбаев, Илияс Жансүгіров, Өтебай Тұрманжанов, Мұқан Иманжанов) | Қалыптасты рушы бағалау |  <br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Кейіпкер – алғыр, пысық, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, әділетті, ақын, әзілқой, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі.<br>Кейіпкер – өтірікші, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, арамза, жағымпаз.<br>**Дескриптор:**<br>Қожаның мен Жантастың портретін жазады – 1 балл.<br><br>**Жаңа сабақ**<br>**Болжам.**<br>**Фильмнен үзінді.**<br>**Оқу мақсатымен таныстыру.**<br>Мәтін бөлімін **«ЖИКСО» әдісімен** оқып шығамыз.<br>Топ ішінде түсінгендерін талдап ортада айтады.<br>**«Өкіл» әдісімен әр** топқа барып түсіндіреді<br>Сергіту сәті<br>Ақпанның 9-ы кімнің туған күні екенің анықтап, М. Мақатаевтың «Шалкөде» әнін айту<br>**2-тапсырма: Топпен жұмыс.**<br>Үзіндідегі портреттік сипаттауларды кейіпкерлермен сәйкестендіру | Қима қағаздарда жазылған сөздердң қай портретке сәйкес екендігін тауып жапсырады<br><br>Фильмнен үзіндіні тамашалап бүгінгі сабаққа болжам жасайды.<br><br>Топпен ақылдасып кестедегі кейіпкер мен кейіпкер портретін сәйкестендіреді<br>М. Мақатаевтың «Шалкөде» әнін орындайды.<br>Кестедегі үзінділерді кейіпкермен сәйкетендіреді | Қалыптастырушы бағалау | <br>https://youtu.be/yQa1xX0FKPs<br><br>Шалкөде -.mp3<br>Кесте сызылған қағаз |
| | **Дескриптор:**<br>Портреттік сипаттауларды кейіпкермен сәйкестендіреді – 2 балл.<br>**«Т» кестесі** әдісімен<br>Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы образын ашу.<br>Берілген үзінді арқылы кейіпкердің іс-әрекетінен образын ашыңыз.<br>Қайтсем екен деп біраз ойлап тұрдым да, тәуекел деп ішке кезексіз кірмекші болдым. Өйткені соңындағыларға жетпей қалатын азабы да болушы еді. Сонан соң көрінгеннің оқулығына мінгесіп, жалынасың да | 1. Тапқырлығы (кезексіз дүкенге кіруі);<br>2. Оқуға деген құштарлығы (оқулықтан құр қалып қалам ба деп қауіптенуі);<br>3. Алғырлығы «Ойынан мақал тауып айтуы) «Оқулығы бар бала, көңілі жай бала»;<br>4. (Әділ, талапшыл, қатал) | Қалыптастырушы бағалау | «Т кестесі» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жүресің, бұл – күн емес. Өзге ештеңең болмаса да әуелі оқулықтарың сай болсын. Мен былай деп мақалдаған болар едім: «Оқулығы сай бала – көңілі жай бала» Бұл үзіндіден Қожа образының қай қыры ашылып тұр соны анықтайық. Сығылысып есіктен енді кіре берсем, бойы менің бойымдай ғана, тықылдаған бейтаныс көк көз келіншек алдымды тосқауылдап жібермейді. - Қайда кимелеп барасың? Кезекке тұр, - дейді. Мына үзіндіден Майқанованың портреті мен мінезінің қандай қырын байқаймыз? Осы бөлімде Қожа мен Майқанова апайдың образдарының қырларың ашып, талдадық. Басқа бөлімдерден тағы басқа қырларымен танысып талдаймыз. **Дескриптор:** Кейіпкер іс-әрекеті арқылы Қожаның, Майқанованың образын ашады – 1 балл. | | | |
| **Сабақтың соңы** | Концептуалды кестені толтыру. **Дескриптор:** Кейіпкер қызығушылығы мен адамгершілігін атайды – 1 балл. Кейіпкерге баға береді – 1 балл. **Үйге тапсырма.** Бөлімді оқу. **Бағалау.** Жұлдызшаларын санау. Көшбасшыға сөз беріледі. | Кейіпкердің адамгершілік қасиетін атап, кейіпкерге баға береді. <br><br> Екінші тараудың «Алғашқы таңыстық» бөлімін оқып, мазмұнын айту. | Қалыптас-тырушы бағалау | Кесте сызыл-ған қа-ғаз |

**Кульбаршин Мырзабековна ЖАБАЕВА,**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы.**

# Қазақстандағы отбасы күні

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары** | 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты** | Мәтіннің мазмұнын түсінеді; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата біледі, түрлендіріп қолданады. |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақтың кезеңі** | **Педагог әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>*10 мин* | ***1. Ұйымдастыру кезеңі***<br>***Психологиялық ахуал***<br>**«Жүректен жүрекке» әдісі** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру<br>**Алдыңғы оқу**<br>**7-тапсырма.**<br>Газет-журналдардан немесе ғаламтордан әлем демографиясына қатысты 5-8 қызықты дерек тауып, жазыңдар. | Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау. | **2 балл.**<br>**Дескриптор:**<br>Әлем демографиясына қатысты қызықты деректер жазады. | Оқулық, слайд |
| **Сабақтың ортасы**<br><br><br>*15 мин* | **Қызығушылықты ояту**<br>**Жаңа тақырыпты болжау. (Бейнетаспа)**<br>2 мин.<br><br>**«Ойтүрткі»** әдісі. **1-тапсырма. Берілген суретке назар аударып, сұрақтарға жауап береді.**<br>1. «Отбасы – шағын мемлекет» деген тұжырымға көзқарастарың қандай?<br>2. Отбасы туралы тағы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?<br>3. Егер мүмкіндік болса, қандай отбасылық мерекені тойлауды енгізер едіңдер?<br><br><br><br>**2-тапсырма.**<br>**«Тілдік бағдарды болжау»** әдісі. | <br><br>**Айтылым**<br>Сұраққа жауап беру арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. Сабақтың мақсатын ашады. | **2 балл**<br>**Дескриптор**:<br>Сурет бойынша ойларын жинақтайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Мақал-мәтелдер айтады. | **ОӘК материалдары**<br>**Слайд** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Сөйлемдерді мұқият оқып, салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін сәйкестендіріңіз.
<table>
<tr><td>Ыңғайлас салалас</td><td>Қорадан мал ұрланыпты,сол үшін Базарбайды қатты соққыға жықты.</td></tr>
<tr><td>Қасылықты салалас</td><td>Есікті жауып қойған,сонда да өлішке кіруден үмітін үзген жоқ.</td></tr>
<tr><td>Себеп-салдар салалас</td><td>Ол бөлмесіне кірді де,тарс бүркеніп жатып қалды.</td></tr>
<tr><td>Кезектес салалас</td><td>Оның отбасы туралы сөздері біресе көзіме жас үйірді, біресе жүрегіме жылу ұялатты.</td></tr>
<tr><td>Талғаулы салалас</td><td>Саған ашып айтарым сол: мен осында қаламын.</td></tr>
<tr><td>Түсіндірмелі салалас</td><td>Я болар жеріңді айт, я бізге киліқпей тыныш жүр.</td></tr>
</table>
</td>
<td>Сөйлемдерді сәйкестендіреді.</td>
<td>2 балл<br>Дескриптор:<br>Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтайды.<br><br>4 балл<br>Дескриптор:<br>Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтайды.</td>
<td>Кесте</td>
</tr>
<tr>
<td>10 мин</td>
<td>3-тапсырма. Жазылым<br>Берілген салалас құрмалас сөйлемдердің екінші сыңарын өзіңіз жалғастырып жазыңыз.<br>1. Оның дауысы жақсы, .........<br>2. Биыл шөп қалың шықты, .......<br>3. Далада жел соғып тұр, ........<br>4. Ол бірде отбасымен қауышады,.....<br>4-тапсырма. Айтылым.<br>Мәтіннің стилін анықтап,тілдік құралдарды көрсетіңіздер.</td>
<td>Салалас құрмалас сөйлемдерді құрастырып жазады.<br><br>Мәтіннің стилін анықтайды, тілдік құралдарды табады.</td>
<td></td>
<td>Оқулық</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br>5 мин</td>
<td>Сабақты бекіту<br>«Менен сұрақ-сізден жауап» әдісі.<br>1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?<br>2. Құрмалас сөйлемдер нешеге бөлінеді?<br>3. Салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары қандай?<br>4. Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері?<br>5. Бірде, кейде, біресе салаластың қай түрі?<br>6. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?<br>Рефлексия. «СМС» әдісі арқылы
<table>
<tr><td>Сабақта не ұнады</td><td>Маған ұнамады</td><td>Сабақты өзгерткім келеді</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Оқу тапсырмасы:<br>8-тапсырма, 130 бет.</td>
<td>Айтылым<br><br>Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлеріне жауап береді.<br><br><br>Кері байланыс жасайды.<br><br><br>Бағалау</td>
<td>

Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды.<br>Жарайсың!<br>Жақсы!<br>Талпын!</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Майрагуль Каримгажиновна ЛАТИПОВА,**
**№59 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Түрксіб ауданы,**
**Алматы қаласы.**

### Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

# АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

### Құрметті педагогикалық білім беру саласындағы әріптестер!

Сіздерді 2022 жылғы 18 наурызда офлайн режимінде өтетін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз Айман Ералықызы Айтбаеваның 60 жасқа толуына арналған **«Алаш әдебиетін орта мектепте және ЖОО-да оқытудың өзекті мәселелері»** атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысуға шақырамыз.

**Конференция жұмысының мақсаты** – жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде әдебиеттің ұлттық руханиятты қалыптастырудағы ерекшелігін көрсету; жастардың тұлға болып қалыптасуында әдебиет пәнінің әсерін айқындау; тіл мен әдебиет пәндерін оқыту әдістемесін дамыту; білім беру ұйымдары педагогтарының арасында тәжірибе алмасу әрі өзара байланысты күшейту.

Конференция тілі: қазақ және орыс тілі.

Конференцияға білім беру ұйымдарының ғалымдарын, оқытушыларын, докторанттары мен магистранттарын, жас ғалымдар мен PhD докторларды, мектеп мұғалімдерін, жас мамандарды қатысуға шақырамыз.

Конференцияның жұмыс бағыттары:

– Жоғары және орта мектепте «Қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту;

– Қазақ руханияты: тіл, әдебиет, тарих және тәрбие.

Конференцияға қатысу **тегін.** Конференция қорытындысы бойынша ISBN беріле отырып, электронды (ПДФ) форматта арнайы жинақ шығару жоспарлануда. Конференция материалдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда унивеситетінің сайтында: www. korkyt.kz **(ғылым/Конференция жинақтары)** жарияланады**.**

Ұйымдастыру комитетіне (**2022 жылғы 15 наурызға** дейін) **көрсетілген мерзімнен кейін** келіп түскен өтінімдер қаралмайды, баяндама материалдары жарияланбайды.

**Баяндаманы ресімдеуге қойылатын талаптар:**

Баяндама тақырыбы конференцияның таңдалған жұмыс бағыты шеңберінде өзекті болуы тиіс.

Баяндама (мақала) мәтіні 4 беттен аспайтын көлемде MS Word бағдарламасында әзірленуі қажет. Кестелер, сызбалар және суреттер Windows бағдарламасында құрылуы керек.

Беттің параметрлері: барлық өрістері – 2 см.

Қаріп: Times New Roman, кегль – 12.

Жоларалық интервал – 1. Абзац: 1,25 см.

Сілтемелерді пайдалана отырып, дереккөзді белгілеу қажет. Әдебиеттер тізімі мәтіннің соңында үлгіге сәйкес рәсімделеді.

Әдебиетке сілтеме тік жақшада нөмірлерге сәйкес ретімен рәсімделеуі керек. Мысалы: [1,17].

Мақаланың (баяндаманың) электронды нұсқасын мына e-mail-ға жіберу қажет: **filolog_2022@mail.ru**

Баяндама құрылымында жұмыстың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, тұжырымдар қысқаша көрсетілуі керек. Сондай-ақ, мақалада (баяндамада) жұмыстың практикалық маңыздылығын көрсетіп, тұжырымдарды негіздеу қажет.

Редакциялық алқа жарияланатын мақаланы өздері таңдайды.

**Конференцияға қатысу үшін өтінім**

| | |
|---|---|
| Ұйымныңатауы, қала | |
| Лауазымы | |
| Тегі, аты, әкесінің аты | |
| Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы | |
| Қатысушының E-mail | |
| Қатысушының телефоны (ұялы) | |
| Секция нөмірі | |

**Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:**

Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 40. Қорқыт Ата атындағы ҚУ-ның I оқу ғимараты, №204 кабинет.

Байланыс телефондары:

Тел: 8 777 336 57 58;

8 701 657 21 16